

"Атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 69 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 30 мамырдағы № 509 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 мамырда № 38844 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 69 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20836 болып тіркелген):

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес" преамбула жаңа редакцияда жазылсын: **БҰЙЫРАМЫН:**;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтерді біріктіруді көздейтін мемлекеттік көрсетілетін қызмет композиттік қызмет болып табылады.";

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарға көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе), оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, көрсетілетін қызметті берушінің атауы, мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі, мемлекеттік қызметті көрсету нысаны/мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын алым сомасы және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі, мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан сұралатын құжаттар мен мәліметтердің тізбесі және Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілетін өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбеде көрсетілген.

Жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "цифрлық үкімет" www.e.gov.kz веб-порталы арқылы нысан бойынша электрондық құжат нысанында жолдайды.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы өтініш берген кезде "жеке кабинетке" мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

6. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, психикалық, мінез-құлықтық оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы, мүгедектігі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Көрсетілетін қызметті беруші аттестацияға жіберу туралы шешім қабылданған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде тестілеу рәсімдерін ұйымдастыруға және "Кәсіби қызметпен айналысу құқығына кешенді тестілеуді өткізуге және автоматтандырылған режимде біліктілікті беруге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету" цифрлық жүйесін техникалық сүйемелдеуге жауапты операторға (бұдан әрі – тестілеу операторы) аттестацияға жіберілген адамдардың тізімін жолдайды.";

33, 34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Көрсетілетін қызметті алушы "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" екі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің композиттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" www.e.gov.kz веб-порталы арқылы бір өтінішті осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында жолдайды.

Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер тұлғаны аттестаттау туралы шешім "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін одан әрі көрсету үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберіледі.

Композиттік қызметтер осы Қағидалардың және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының талаптары ескеріле отырып көрсетіледі.

34. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидалардың өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде Әділет министрлігі "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына, "Бірыңғай байланыс орталығына", көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

35. Цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті органды және/немесе "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын хабардар етеді.";

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 4-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтерді біріктіруді көздейтін мемлекеттік көрсетілетін қызмет композиттік қызмет болып табылады.

4. Жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы жолдайды";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жеке басын куәландыратын құжат туралы, әрекетке қабілеттілігіне немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі шектеулердің жоқтығы туралы, жеке сот орындаушысы лауазымына тағайындалғанға дейін үш жыл ішінде сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы, жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жайлы мәліметтердің жоқтығы туралы, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқтығы туралы, мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан және әділет органдарынан жағымсыз себептер бойынша бұрын босатылғандар туралы мәліметтердің жоқтығы туралы, жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына берілген лицензиядан айыру туралы, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті беруші келісім береді";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат ауыстырылған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтерді "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасынан алады.

Тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтер болмаған жағдайда электрондық өтінішті қалыптастыру процесі аяқталады.

"Цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін "цифрлық үкімет" веб-порталының көліктік қолтаңбасы арқылы көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз жұмыс күнінде жиырма минут ішінде толық автоматты түрде өңдейді және қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Цифрлық үкімет" веб-порталының көліктік қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Көрсетілетін қызметті алушы "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу және Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" композиттік мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы бір өтінішті жолдайды.

Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өткені туралы шешім "Жеке сот орындаушысының қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін одан әрі көрсету үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберіледі.

Композиттік көрсетілетін қызмет осы Қағидалардың және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының талаптары ескеріліп көрсетіледі.

18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, Әділет министрлігі "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторына, "Бірыңғай байланыс орталығына" тиісті нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

19. Цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті органды және/немесе "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы хабардар етеді";

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 4-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжат негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын , көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпаратты беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

3) Осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбеде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын , мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде

көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі келтірілген;

4) "цифрлық үкімет" веб-портал – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қатысатын басқа да субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қолжетімділік үшін "бір терезені" білдіретін цифрлық нысан;

5) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін және электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың түпнұсқалығын, оның меншік құқығын және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, Әділет министрлігі "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторына, "Бірыңғай байланыс орталығына", көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

10. Цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті органды және/немесе "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын хабардар етеді";

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 3-қосымша осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қағидаларына 4-қосымша осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитетіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы және қырық бірінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

Е. Сарсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
Цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 509 Бұйрыққа
1-қосымша
"Жеке сот орындаушысы
қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің
қағидаларына 1-қосымша

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе).

	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	астананың аумақтық әділет органдары көрсетеді.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"цифрлық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі - портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Тіркеген уақыттан бастап 15 жұмыс күні.
4	мемлекеттік қызмет көрсету нысанын/мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)/ "Композиттік қызмет" көрсетілетін) бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынтығын көздейді
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі	Аттестаттау/аттестаттамау туралы шешім
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызмет алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мән-жайларда оны алу тәсілдер	Алынбайды.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; өтінімдерді қабылдау - 9.00-ден 17.30-ға дейін. 2) портал - техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметті алуға өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)..
		Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына аттестаттаудан өтуге жіберу туралы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес электрондық

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар тізбесі	<p>құжат нысанындағы өтініш. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы, мүгедектігі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті ақпараттық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.</p>
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда;</p> <p>2) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабының 2-тармағында белгіленген шектеулер анықталғанда.</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Жеке сот орындаушысында тағылымдамадан өту қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 561 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19669 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмегенде.</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсы - www.adilet.gov.kz орналастырылған. Көрсетілетін</p>

10

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар

қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында көрсетілген, Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. Көрсетілетін қызметті алушы " Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" композиттік қызметін алу үшін электрондық құжат нысанында " цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті берушіге бір өтініш жолдайды.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 509 бұйрыққа
2- қосымша
"Жеке сот орындаушысы
қызметімен айналысу құқығына
үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің қағидаларына
2-қосымша
Нысан
Облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың және
астананың аумақтық әділет органына

(жеке тұлғаның, аты, әкесінің аты(болған жағдайда), тегі), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттау үшін өтініш

1. Мені жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттауға жіберуіңізді сұраймын

1) Дипломы туралы мәліметтер:

1. Жоғары оқу орнының атауы _____

2. Мамандық шифрі _____

3. Дипломның нөмірі _____

4. Дипломның берілген күні _____

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес нострификациялау немесе тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжат:

Сериясы және нөмірі _____

3) Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды:

1. Тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны бекіту күні _____

2. _____ облысының/қаласының жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы

3. Тағылымдаманың жетекшісі _____

4. Тағылымдаманың басталу күні _____

5. Тағылымдаманың аяқталған күні _____

Жеке тұлғаның тұрғылықты жері, мекенжайы _____,
электрондық поштасы _____, байланыс телефоны _____

Осымен:

Көрсетілген барлық деректердің ресми байланыс болып табылатындығы және аттестаттауға жіберілгені немесе одан бас тарту мәселелері бойынша, сондай-ақ лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

Өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сотпен тыйым салынмағаны;

Өсы өтініште көрсетілген барлық деректер шынайы, ұсынған деректер үшін жеке жауапты болатыны;

Өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын дербес деректерді пайдалануға келісімін беретіні;

Денсаулық сақтау ұйымдарына "Наркологиялық науқастар тіркелімі" және "Психикалық науқастар тіркелімі" диспансерлік есепте тұрғандығы туралы анықтама алу үшін электронды түрде сұрау салуға және нәтижелерін көрсетілетін қызметті берушіге беруге келісетіні расталады.

_____ (ЭЦҚ) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 509 бұйрыққа
3-қосымша
"Жеке сот орындаушысы
қызметімен айналысу құқығына
үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің қағидаларына
4-қосымша
Нысан
Облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың және
астананың аумақтық әділет
органына

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда), жеке
сәйкестендіру нөмірі)

Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттауға және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру туралы өтініш

1. Мені жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттауға жіберуіңізді сұраймын

1) Дипломы туралы мәліметтер:

1. Жоғары оқу орнының атауы _____

2. Мамандық шифрі _____

3. Дипломның нөмірі _____

4. Дипломның берілген күні _____

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес нострификациялау немесе тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжат:

Сериясы және нөмірі _____

3) Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды:

1. Тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны бекіту күні _____

2. _____ облысының/қаласының жеке сот орындаушыларының өңірлік

палатасы

3. Тағылымдаманың жетекшісі _____

4. Тағылымдаманың басталу күні _____

5. Тағылымдаманың аяқталған күні _____

4) Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым _____

2. Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беруді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жері, мекенжайы _____,
электрондық
поштасы _____, байланыс телефоны _____
Осымен:

Көрсетілген барлық деректердің ресми байланыс болып табылатындығы және аттестаттауға жіберілгені немесе одан бас тарту мәселелері бойынша, сондай-ақ лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

Өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

Осы өтініште көрсетілген барлық деректер шынайы, ұсынған деректер үшін жеке жауапты болатыны;

Өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын дербес деректерді пайдалануға келісімін беретіні;

Денсаулық сақтау ұйымдарына "Наркологиялық науқастар тіркелімі" және "Психикалық науқастар тіркелімі" диспансерлік есепте тұрғандығы туралы анықтама алу үшін электронды түрде сұрау салуға және нәтижелерін көрсетілетін қызметті берушіге беруге келісетіні расталады.

(ЭЦҚ) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 509 бұйрыққа
4-қосымша
"Жеке сот орындаушысы
қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің
қағидаларына
1-қосымша

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе).		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру"
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы	Лицензияны қайта ресімдеу.
3	Қызмет көрсетушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі.

4	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	"цифрлық үкімет" веб-порталы www.egov.kz
5	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі / кіші түрі	Порталға жүгінген сәттен бастап, жұмыс режимі мен құжаттарды қабылдау уақытын ескере отырып: – лицензия беру кезінде – 10 (он) жұмыс күні; – лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 20 (жиырма) минут.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны / кіші түрі	Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру – электрондық "(ішінара цифрландырылған)", "композиттік қызмет" ретінде көрсетілетін, бір өтініш негізінде бірнеше мемлекеттік қызметтер жиынтығын қамтитын нысан. Лицензияны қайта ресімдеу – электрондық (толық цифрландырылған).
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі / кіші түрі	Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу немесе ден бас тарту туралы уәжді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық. Қызмет нәтижесі қызмет алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат түрінде, қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылып жіберіледі және сақталады
6	Мемлекеттік қызмет үшін алынатын төлем	Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру/қайта ресімдеу үшін Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі Салық кодексінің 616-бабына сәйкес, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады, ол мынадай мөлшерде белгіленеді: лицензия беру – 6 айлық есептік көрсеткіш; лицензияны қайта ресімдеу – лицензия беру кезінде белгіленген мөлшерлеменің 10 %-ы. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін төлем екінші деңгейлі банктер және банк

		<p>операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және (немесе) қолма-қолсыз нысанда жүргізіледі, олар төлемнің мөлшері мен күнін растайтын құжатты (түбіртек) береді, не ПШЭП арқылы жүзеге асырылады.</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:</p>	<p>Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі- жұма аралығында сағат 09.00- ден 18.30 -ға дейін, сағат 13.00- ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен; өтінімдерді қабылдау - 9.00-ден 17.30-ға дейін. 2) портал - техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мемлекеттік қызметті алуға өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>Лицензия алу үшін: 1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алу туралы жеке тұлғаның өтініші; 2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жеке сот орындаушысы қызметін жүзеге асыру талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны; 3) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін</p>

Мемлекеттік қызмет Мемлекеттік қызметтің кіші түрлі көрсетуге арналған құжаттар тізбесі

растайтын құжаттың көшірмесі ("Электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда);

4) прокуратура немесе тергеу органдарынан босатылған адамдар үшін, егер прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде бес жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес прокуратура немесе тергеу органдарындағы еңбек өтілін растайтын электрондық құжат (теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда);

5) атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес мемлекеттік органдардағы еңбек өтілін растайтын электрондық құжат (теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда).

Лицензияны қайта ресімдеу үшін: Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; лицензиялық алымның төленгенін және лицензияны (немесе лицензияға қосымшаны) қайта ресімдеуге негіз болған өзгерістерді растайтын мәліметтер мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері:

- 1) осы санаттағы жеке немесе заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса;
- 2) лицензиялық алым енгізілмесе;
- 3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;
- 4) лицензия беруші орган тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау негізінде қойылатын талаптарына

9	Қызмет Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрін көрсетуден бас тарту негіздері	<p>сәйкес келмейтіні туралы жауап алса;</p> <p>5) өтініш берушіге қатысты лицензияланатын қызметті қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар;</p> <p>6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салынса;</p> <p>7) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталса.</p>
10	Мемлекеттік қызметтің Мемлекеттік қызметті/кіші түрін көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзгеде талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары 8 (7172) 74-06-23. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы " Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" композитті қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы бір өтінішті жолдайды.</p>

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 509 бұйрыққа
5-қосымша

"Жеке сот орындаушысы
қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің
қағидаларына 2- қосымша
Нысан

лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның, аты, әкесінің
аты (болған жағдайда), тегі),
жеке сәйкестендіру нөмірі)

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

_____ (қызмет
түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрі(лері)нің толық атауы көрсетілсін) жүзеге
асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште _____ (
лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)
беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

_____ (
пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі
)

Электрондық пошта _____

Телефондар _____

Факс _____

Банктік шот _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің
мекенжайы

_____ (пошталық индексі,
облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар
) нөмірі) _____ парақ қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және
оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас
тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен
айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды
болып табылатындығы;

өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін беретіні;
өтініш берушінің халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыскерінің өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен растауына келісетіні (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда) расталады.

Жеке тұлға _____
(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 509 бұйрыққа
6-қосымша
"Жеке сот орындаушысы
қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

_____ (лицензиардың толық атауы)

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

_____ Тегімнің, атымның, әкемнің атының (ол болған жағдайда) өзгеруіне байланысты жеке сот орындаушысы қызметін жүзеге асыруға 20__ жылғы " ____ " № _____, _____ (лицензияның нөмірі(лері), лицензияны берген лицензиардың атауы) берілген лицензияны қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасы заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _____
__ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

2026 жылғы 30 мамырдағы
 № 509 бұйрыққа
 7-қосымша
 "Өндіріп алушының өтініші
 бойынша атқарушылық құжаттың
 негізінде атқарушылық іс жүргізуді
 қозғау" мемлекеттік көрсетілетін
 қызметтің қағидаларына
 1-қосымша

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау"
 мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті атқарушылық әрекеттердің жасалу орны бойынша аумақтық әділет органдары көрсетеді.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 3) "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб - порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері	3 (үш) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны/Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны	Электронды (ішінара цифрландырылған) / қағаз түрінде
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі	Сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы немесе атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулысы.
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезінде алынатын төлем мөлшері	Жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
		Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын - ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорация – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.

Қабылдау атқарушылық әрекеттерді жасау орны бойынша "электрондық" кезек тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады, рәсімдеу уақыты 15 минуттан аспайды, күту уақыты 15 минуттан аспайды;

3) портал - жөндеу жұмыстарының жүргізілуімен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде , көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мемлекеттік қызметті алуға өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Қағидаларға 2, 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажет құжаттар тізбесі	<p>атқарушылық құжатты жазып беру және мәжбүрлеп орындауға жолдау, атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтініш.</p> <p>Атқарушылық құжат.</p> <p>Жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады".</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда;</p> <p>2) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 38-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p>
		<p>Денсаулығы бұзылған, ағза функцияларының тұрақты бұзылуымен тыныс-тіршілігі шектелген мемлекеттік қызметті алушыға қажет болған жағдайда Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жеріне барып, Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну арқылы жүргізеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда</p>

10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде бірыңғай байланыс орталығы арқылы 1414, 8 800 080 7777 алады.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік паролді пайдалана отырып, мобилді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.</p>
----	--	--

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
026 жылғы 30 мамырдағы
№ 509 бұйрыққа
8-қосымша
"Өндіріп алушының өтініші
бойынша атқарушылық
құжаттың негізінде атқарушылық
іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің
қағидаларына 2-қосымша
Нысан

_____ (көрсетілетін
қызметті берушінің толық атауы)

_____ (заңды тұлғаның атауы және
БСН /жеке тұлғаның Т.А.Ә.
(бар болса) және ЖСН)

Атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтініш

Осы өтінішке қоса берілетін атқарушылық құжат негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғауды сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің, заңды тұлғаның орналасқан жерінің
мекенжайы _____
_____ (пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, _____
_____. көшенің атауы, үйдің/ғимараттың
нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____.

Осы арқылы:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға
атқарушылық құжатты орындау мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге
болатыны;
қоса берілетін барлық құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және дәйекті болып
абылатыны расталады.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болса))

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпия болып табылатын
мәліметтерді пайдалануға келісемін 20 ____ жылғы " ____ " _____ (қолы) _____

Заңды тұлғалар үшін мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні: 20 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 509 бұйрыққа
9-қосымша
"Өндіріп алушының өтініші
бойынша атқарушылық
құжаттың негізінде атқарушылық
іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің
қағидаларына 3-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)

(заңды тұлғаның атауы және
БСН / жеке тұлғаның
Т.А.Ә. (бар болса) және ЖСН

**Атқарушылық құжатты жазып беру және мәжбүрлеп орындауға жолдау және атқарушылық
іс жүргізуді қозғау туралы өтініш**

Осы өтінішке қоса берілетін атқарушылық құжат негізінде атқарушылық құжатты жазып беруді және/немесе мәжбүрлеп орындауға жолдауды және атқарушылық іс жүргізуді қозғауды сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің, заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен.

_____ көшенің атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі).

Электрондық пошта _____.

Телефондары _____.

Осы арқылы:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға атқарушылық құжатты орындау мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

қоса берілетін барлық құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және дәйекті болып табылатыны расталады.

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болса))

Цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді пайдалануға келісемін 20 __ жылғы " __ " _____ (қолы)

Заңды тұлғалар үшін мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні: 20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 509 бұйрыққа
10-қосымша
"Өндіріп алушының өтініші
бойынша атқарушылық
құжаттың негізінде атқарушылық
іс жүргізуді қозғау"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің қағидаларына
4-қосымша

_____ (көрсетілетін қызметті алушының
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не
ұйымының атауы) _____

_____ (көрсетілетін

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабын, 20-бабының 2-тармағын басшылыққа алып, Сіз құжаттардың толық топтамасын ұсынбағанызға, атап айтқанда:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3)

және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты "Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартылады.

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (қызметкері) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. (бар болса) _____

Телефон _____

Алды: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болса)/қолы _____

—
20__ жылғы "___" _____